

**Білім беру мазмұнын
жаңарту шеңберінде
оқушылардың оқу
жетістіктерін критериялды
бағалау**

«Оқу жетістігін бағалау» - білім алушының кері байланыс арқылы оқу мақсаттарына сәйкес жоспарланған білім беру үдерісін реттеу және түзету арқылы нақты қол жеткізген нәтижесін белгілеу үдерісі.

Бағалау: Бұл не үшін қажет?

Б.Г.Ананьев: «Бағаның болмауы ... бағаның ең нашар түрі болып табылады, себебі бұл бағыт беретін әсер емес, керісінше бағыт бермейтін әсер, объект жақсы ынталандырушы емес, керісінше депрессияға әкелуші, өзінің нақты білімі көрініс тапқан объективті баға негізінде өзіндік бағалауды құрудың орнына адамды субъективті түсіндірілген тұспалдарға, жартылай түсінікті жағдайларға, педагог пен оқушылардың мінез-құлқына негізделуге мәжбүрлейді».

«Критериалды бағалау» терминін алғаш рет Роберт Юджин Глейзер (1963) қолданған және бұл термин оқушылардың оқу жетістіктерінің қол жеткізген және потенциалды деңгейлері арасындағы сәйкестікті анықтауға мүмкіндік беретін үдерісті сипаттайды.

Критериалды бағалау басқа оқушылардың жетістіктерін салыстырмайды және бір-біріне тәуелді етпейді, сонымен қатар әр оқушының құзыреттілік деңгейі туралы ақпарат беруге бағытталады.

Критериалды бағалау жүйесін енгізудің алғышарттары

ЭБДҮ	Ұлттық білім беру саясатына шолу. Қазақстандағы орта білім беру, 2014	<i>«Критерийлерге негізделген бағалау жүйесін енгізу өте маңызды ... Ол өз кезегінде ... Мұғалімдердің бағаны көтеріп қоюларына тосқауыл болады»</i>
ДҮНИЕЖҮЗІЛІК БАНК	SABER, Білім беру нәтижелерін жақсартудағы жүйелі тәсілдеме Ел бойынша есеп – Қазақстан, 2013	<i>«... Педагогикалық тәжірибені жетілдіру үшін бағалау нәтижелерін қолданатын саясат қызмет істемейді»</i>
	SABER, Оқушыларды бағалау. Ел бойынша есеп – Қазақстан, 2013	<i>«... оқу жетістіктерінің деңгейі әлі де болса белгісіз ... ағымдағы бағалаудың сапасына мониторинг жасайтын қолданыстағы механизмдерді шектеулер бар» «... бағалау критерийлерінің, күтілетін нәтижелердің, бағалау тәсілдерін қолданудың толық сипаттамасы жоқ»</i>
АҚПАРАТТЫҚ АНАЛИТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҚ	Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесінің дамуы мен жағдайы туралы ұлттық баяндама (2014 жылдың нәтижесі бойынша)	<i>«Мектепте алған бағамен сыртқы бағалау нәтижелері арасында корреляциялық байланыс жоқтығы ескертіледі... Қазақстанда оқу үлгерімі нашар оқушыларды жүйелі қолдау қарастырылмаған ...»</i>
	9-сынып оқушыларының оқу нәтижелері мен сыртқы бағалау нәтижелерінің анализі – ОЖСБ-2015	<i>«ОЖСБ-дың орташа балы бойынша көрсеткіштердің төрт жыл ішінде төмендегені байқалады: 2012 ж. – 51,6; 2013 ж. – 35,81; 2014 ж. – 39,58; 2015 ж. – 37,36» «... ОЖСБ жоғары балл алған оқушылардың тоқсандық бағалары төмен немесе керісінше»</i>
НАЗАРБАЕ В УНИВЕРСИТЕТІ	Қазақстан Республикасындағы 2015-2020 жж білім беруді жаңартудың стратегиялық бағыттары, 2014	<i>«Баға қою үшін анық критерийлер жоқ болғандықтан ... әдетте, бағалар мұғалімнің еркімен қойылады. ... Қолданыстағы білімді бағалау жүйесіне міндетті түрде радикалды өзгертулер енгізу аса қажет»</i>

Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың қазіргі жүйесіне талдау

Сипаттамалар	ҚР Жалпы білім беретін мектептердегі бағалау жүйесі	ЭЫДҰ ұсыныстары
Негіздеме	<p>Бағалаудағы «Нормативті бағытталған» тәсілге негізделген Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты</p> <p>ЭЫДҰ қорытындылары (2014): «Сыныптағы үлгерімді бағалау бойынша берілген «нормативті бағытталған» тәсілде кемшіліктер кездеседі. Сонымен қатар оқушылар мен олардың ата-аналарына түсіндіруге болатын әр түрлі пәндер бойынша нәтижелерді бағалау мен салыстырудың дифференциалданған критерийлері жоқ».</p>	<p>«Қазақстанның барлық бастауыш және орта мектептеріне (сонымен қоса жоғары сыныптарға) <u>критерийлер негізіндегі бағалау жүйесін енгізу қажет. Бұл бағаларды жоғарылатуға жол бермейді және ата-аналар үшін оқушылардың үлгерімі жайында есептерді барынша түсінікті етуге ықпал етеді</u>».</p>
Қорытынды бағалау бойынша шешім	<p>Мұғалім оқушының пән бойынша тоқсан барысында алған барлық бағаларын орташа арифметикалық негізде қабылдайды.</p> <p>ЭЫДҰ қорытындылары (2014): «Әдеттегідей, мұғалімдер бағаларды сыныптағы оқушылардың орташа, жоғары және төмен деңгейлерін салыстыру негізінде қояды ...»</p>	<p>«<u>Бағалардың әр түрлі типтері жайында мақсаттардың айқындылығын орнату мен оларды дұрыс пайдалану сыныптар, мектептер және білім беру жүйесі деңгейінде бағалау құрылымын жетілдіруге оңтайлы үлес қосуды қамтамасыз етудің маңызды факторы болып есептеледі</u>».</p>
Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар және бағалау шәкілі	<ul style="list-style-type: none"> • Жеке нәтижелер • Жүйелік әрекет нәтижелері <p>• Пәндік нәтижелер - Сандық сипаттамалар</p> <p>Бесбалды шәкіл: 1-ден 5-ке дейін (шынында 4 балл қолданылады)</p> <p>ЭЫДҰ қорытындылары (2014): «Мұғалімдер оқушылардың білімін 1-ден 5-ке дейінгі шәкіл негізінде бағалайды, сонымен бірге алғашқы КСРО кезінде жасалған жалпы дидактикалық критерийлердің кешені сыныптағы үлгерімді бағалау бойынша пәндік тәуелсіз нұсқаулықпен қамтамасыз ету үшін өңделген».</p>	<p>«...<u>мұғалімдерді тиісті түрде «критерийлерге негізделген бағалаудың» арнайы әдістерін тиімді пайдалану үшін дайындық барысында кемшіліктерді бұл әдістер көмегімен еңсеруге болады. Қазіргі таңда критерийлерге негізделген әдістер Қазақстан территориясында және жетекші жеке мектептерде, соның ішінде Назарбаев Зияткерлік мектептерінде қолданылады (НЗМ, 2012)</u>».</p>
Тәуекелдер	<p>Мұғалімдердің субъективті шешім қабылдауы негізінде 3-ке («қанағаттанарлық») бағаланған оқушылардың жоғары үлесінің болуы</p> <p>ЭЫДҰ қорытындылары (2014): «... әр сыныптағы үлгерімі орташа және төмен оқушылар бірге 3 (үш) деген баға алады.»</p>	<p>«<u>Критерийлерге негізделген бағалау моделі оқушылар үшін әділ болып табылады, Берілген модель шеңберінде субъективті стандарттарға негізделудің орнына шынайы және алдын ала мәлімденген мақсаттарға бағытталған объективті стандарттар бойынша оқушылардың үлгерімі салыстырылады,, бұл мұғалімдерге өздерінің жоғары немесе төмен баға қоюды таңдауын негіздеуге көмектеседі</u>».</p>

Статистикалық деректерге сәйкес 2014-2015 оқу жылындағы оқушылардың жалпы санының (2 609 612 адам) нәтижесі бойынша:


- орта білім беру жүйесіндегі **47,1%** оқушылар (1 228 164 адам) оқуларын **«үшпен»** аяқтады;
- **35,4%** оқушылар (924 695 адам) – **«төртпен»** аяқтады;
- **17,5%** оқушылар (455 541 адам) – **«беспен»** аяқтады;
- **0,1%** оқушылар (1212 адам) – **екінші жылға қалдырылды.**

Оқушылардың 50%-ы орта мектепті «үштік» бағамен аяқтайды.

Бағалау жүйелеріндегі айырмашылықтар

Сипаттамалар	Нормативті бағытталған бағалау (қазіргі таңда орын алатын жүйе)	Критериалды бағалау (мазмұнды жаңарту шеңберіндегі жүйе)
Оқушылардың нәтижелерін салыстыру аймағы	Оқушылардың оқу жетістіктерін басқа оқушылардың оқу жетістіктерімен салыстыру	Оқушылардың оқу жетістіктерін критерийлерге негізделген күтілетін нәтижелермен салыстыру
Бағалаудың түрлері	Ағымдағы бағалау – мұғалімнің жүйелі түрде бағаны тіркеу арқылы үнемі жүргізіп отыратын бағалауы	Қалыптастырушы бағалау – мұғалімдерді, оқушыларды және педагогикалық үдерістің басқа да қатысушыларын оқуды жетілдіру үшін қажет ақпаратпен қамтамасыз ететін оқудың ағымдағы бағалануы (нәтижесі баға ретінде тіркелмейді) Жиынтық бағалау - оқушылардың белгілі бір оқу кезеңін аяқтағандағы оқу жетістіктерінің деңгейі (бөлім бойынша және тоқсандық жиынтық бағалау)
Қорытынды бағалау нәтижесі	Оқушының барлық бағалары орта арифметикалық негізде қойылады	Бөлім бойынша және тоқсандық жиынтық бағаның пайыздық ара қатынасы ретінде қойылады.
Мазмұн мен бағалаудың өзара байланысы	Мақсаттардың жалпыланған тұжырымдамасына байланысты оқу мақсаттарына жету жолдарын көрсетпейді	Мақсаттарға және күтілетін нәтижелерге жетуді көрсетеді
Бағалаудың бағыты	Ақпараты аз баға алу (бағаны сандық түрде білдіру)	Мазмұндылығы мен толықтылығымен ерекшеленетін күтілетін нәтижелерге жету жайында пайымдау
Мұғалім тәжірибесіндегі бағалау үдерісінің сипаттамасы	<ul style="list-style-type: none"> • «жарысу» • шектеулі ақпарат беру • шәкілдің «өрескелдігі» • нормалар мен критерийлердің жөнсіздігі, олардың жабық болуы • «азайту» әдісі • шешім қабылдау субъективтілігі және артық күтілімдер • уақыт факторын қолданудың ақталмауы 	<ul style="list-style-type: none"> • ақпараттың ашықтығы мен оқу үдерісіне сай талаптар, нормалар, критерийлер және бағалау рәсімінің айқындылығы • оқуға қызығушылықты ынталандыру, • даму жолдарын ұсыну, • қойылатын бағалардың мәнін түсіну

Критериалды бағалау жүйесінің тұжырымдамалық құрылымы



Критериалды бағалау жүйе элементтерінің түйінді идеялары

КБ элементтері	Түйінді идеялар
<p>Біліктілікке негізделген тәсілдеме</p>	<p>Мақсаттарды анықтау, мазмұнды сұрыптау, оқу үдерісін ұйымдастыру және оқу нәтижелерін бағалаудың жалпы қағидаттар жиынтығы. <i>Мұндай қағидаттарға келесі тұжырымдар жатады</i> (О.Е.Лебедев, 2004):</p> <p>...</p> <ul style="list-style-type: none"> - Оқу үдерісін ұйымдастыру мәні білім беру мазмұнын құрайтын оқушылардың танымдық, коммуникативтік, ұйымдастырушылық, адамгершілік және тағы басқа мәселелерді дербес түрде шешу тәжірибесін қалыптастыруда жатыр. - Оқу нәтижелерін бағалау білім алудың белгілі сатысында оқушылардың қол жеткізген білімдерінің деңгейлерін талдауға негізделеді. <p>Біліктілікке негізделген тәсілдеме оқушылардың білім мен дағдыларды бір-бірінен бөлек үйренуден гөрі оларды кешенді түрде меңгеруді ұсынады (А.В.Хуторской, 2002).</p>
<p>Кері дизайн</p>	<p>Педагогикалық жобалаудың арнайы технологиясының негізгі критерийі контент емес, жоспарланатын нәтижелер болып табылады (С.Б.Велединская, М.Ю.Дорофеева, 2014). Оқу үдерісін жобалаудың үш кезеңі ұйғарылады (Г.Уиггинс, Дж.Мак Тай, 1998):</p> <ul style="list-style-type: none"> 1-кезең – Мақсаттар мен қалаулы нәтижелерді анықтау, яғни «Оқушылар нені білуі, түсінуі және істеуі тиіс?» деген сұраққа жауап; 2-кезең – Қолайлы дәлелдерді анықтау, яғни «Оқушылардың қалаулы нәтижелерге жетуі мен олардың стандарттарға сай болуына не дәлел болады?» деген сұраққа жауап; 3-кезең - Оқуды және оқушылардың нәтижелерге жету үдерісін жоспарлау.

“Бағалау үдерісіне әсері”

1. Оқу мақсаттары өлшенетін және бақылауға болатын **қалаулы нәтижелер** арқылы өз көрінісін табады
2. Толық оқу-әдістемелік жабдықтауды ұсыну (оқу бағдарламалары, ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар, мұғалімге арналған бағалау бойынша әдістемелік ұсыныстар, тапсырмалар үлгілерінің жинақтары, жиынтық бағалау бойынша тест спецификациясы) кері дизайндағы **оқу үдерісін жобалауға** мүмкіндік береді :

↓
Оқу бағдарламасы
 ↓
Бағалау үдерісі
 ↓
Оқыту мен оқу үдерісі

Критериалды бағалау жүйесі элементтерінің түйінді идеялары

КО элементтері	Түйінді идеялар
Әлеуметтік-конструктивистік білім беру теориясы	Білім танымның келісілген аймағы ретінде қарастырылады; оқушы білімді пассивті түрде алуды тоқтатып, сол білімнің «жасаушысы/құрастырушысы» бола бастайды (Бер, 2015).
Дүниежүзілік банк пен ЭЫДҰ оқу мақсаттары	Оқу мақсаттары қалаулы нәтижелерге жетудің алғышарттары деп қарастырылуы тиіс (Р.Вагенар, 2008). ЭЫДҰ баяндамасында біліктіліктің үш түрі ерекшеленеді (ОЭСР, 10-16 б.). А. Құралдарды интерактивті түрде пайдалану: - Сөйлеуді, символдарды және мәтінді интерактивті түрде пайдалану қабілеттілігі; - Білім мен ақпаратты интерактивті түрде пайдалану қабілеттілігі; - Технологияларды интерактивті түрде пайдалану қабілеттілігі. В. Гетерогенді топтарда өзара әрекеттесу: - Басқаларға жақсы қатынас көрсету қабілеттілігі; - Командада ынтымақтасу және жұмыс істеу қабілеттілігі; - Қақтығыстарды басқару және шешу. С. Өз бетімен іс-әрекет жасау: - Барынша кең бейнені көру және әрекет ету қабілеттілігі; - Өмірлік жоспарлар мен жеке жобаларды құру мен іске асыру қабілеттілігі; - Құқықтарды, қызығушылықтарды, нормалар мен қажеттіліктерді қорғау мен сақтау қабілеттілігі.
Жақын арадағы даму аймағы	Л.С.Выготский ұсынған ұғым, баланың даму деңгейі (қандай тапсырманы ол өз бетінше орындай алады) және педагог пен өз құрдастарымен жұмыс жасай отырып жете алатын потенциалды даму деңгейі арасындағы айырмашылығын білдіреді.
Скаффолдинг теориясы	Оқу үдерісінің барысында қойылған мақсаттарға жету үшін қажетті көмек көрсету мақсатымен оқушыларды қолдау (Дж.С.Брунер, 1976).
Қалыптастырушы бағалаудың теориясы	Оқу мен оқыту үдерісінің негізіне келесі үш сұрақ жатады: «оқушылар оқудың қай сатысында тұр?», «өз оқуында олар қайда ұмтылады?» және «соған жету үшін оларға қандай көмек көрсету қажет?» бұл сұрақтар оқудағы үш қатысушымен тікелей байланысады (мұғалім, сыныптас және оқушы) (П.Блэк, Д.Уильям, 2009).

“Бағалау үдесіне әсері”

- 1. Қалыптастырушы бағалау** тәжірибесінің өзектілігі артады
- 2. Бағалау оқудың ажырамас бөлігі** бола бастайды
- Бағалау критерийлер мен болжалды нәтижелердің айқындылығы мен нақтылығы **кері байланыс** сапасын, **өзара әрекеттесудің** вертикалды «мұғалім-оқушы» және горизонталды «оқушы-мұғалім» деңгейлерін, **өзін-өзі реттеу** және оқушылардың **жауапкершілігін** арттырады. **Ата-аналардың хабардар** болуының сапасы мен деңгейі оқушылардың оқу жетістіктерінің дамуына жағдай жасайды.

Критериалды бағалау жүйесі элементтерінің түйінді идеялары

КБ элементтері

Түйінді идеялар

Тілді толық меңгеру теориясы

Блум бойынша дәстүрлі мектепте оқу үдерісіндегі қол жеткізген жетістіктердің 90% айырмашылығы негізгі үш фактор арқылы түсіндіріледі:

1. Когнитивті бастапқы мінез-құлық – бұл жаңа тапсырманы шешу алдында болатын оқушының білімі мен қабілеттері. Осы бастапқы айырмашылықтарды тексеріп, оларға оқу-педагогикалық үдерісті бейімдеу қорытындысының айырмашылықтарын 50% дейін қысқартуға болады;
2. Эмоционалды бастапқы мінез-құлық болашақ оқу мотивациясына қатты әсер ететін алғашқы сәтсіздіктерден көңілдің қалуын басу үшін бағытталған. Бастапқы сатыдағы тиімді стимуляцияның нәтижесінде қорытынды жетістіктердегі айырмашылықтар 25% дейін төмендейді;
3. Білім беру үдерісі ортамен, уақыт есебімен жүзеге асады, дегенмен ынталандыру және әрбірімен жеке жұмыс істеу де маңызды орын алады. Осыған орай, қорытынды айырмашылықтардың тағы 25% жоқ болуы мүмкін (Б.С.Блум, 1970).

Дәстүрлі және эксперименталды сынып оқушылары нәтижелерінің (тілді толық меңгеру теориясы бойынша) салыстырмалы анализі:




Figure 1. Distribution of achievement in traditional classrooms.




Figure 3. Distribution of achievement in mastery learning classrooms.

“Бағалау үдерісіне әсері”

1. Бастапқы қалпын бағалау үшін бастапқы диагностикалық **мониторинг** қолданылады
2. Тоқсан үшін баға тоқсанның ағымдық және жиынтық бағалау балдарының **пайыздық қатынасы** ретінде қойылады.
3. Жылдық баға **барлық тоқсандар бойынша қойылған балдардың орташа арифметикалық мәні** ретінде анықталады
4. Баға жайында шешімді мұғалім басқа оқушылардың жетістіктерімен салыстырмай, **нәтижелерді бағалау критерийлерімен сәйкестендіру** арқылы қабылдайды.

Критериалды бағалау жүйесі элементтерінің түйінді идеялары

“Бағалау үдерісіне әсері”

КБ элементтері	Түйінді идеялар
Оқу мақсаттарының таксономиясы	Оқу мақсаттары интеллектуалды әрекет категорияларына сай бөлінеді (Б.С.Блум, Д. Кратвиль, 1956).
Сөйлеу әрекетінің теориясы	Сөйлеу әрекетіне үйрету әрекетінің толық сипаттамалары ие және тәуелсіз болып қалыптасу арқылы жүзеге асырылуы тиіс (И.А.Зимняя, 1973).

1. Бағалау критерийлері **таксономиялық деңгейлерге** сай бөлінеді:

1. Білу және түсіну
2. Қолдану
3. Анализ
4. Синтез
5. Бағалау

2.Тілдік пәндер бойынша бағалау критерийлері **сөйлеу әрекетінің 4 түрін** сипаттайды:

1. Тыңдалым
2. Айтылым
3. Оқылым
4. Жазылым

3. Бағалау критерийлерінің айқындылығы және бағалау тапсырмаларын олармен сәйкестендіру тапсырмаларын **құрастыру мен сараптау**, нәтижелерді **бекіту мен талдау сапасын** арттыруға жағдай жасайды

4. **Бірыңғай стандарттар** белгіленеді, алайда оларға жету – бұл әр мектеп, мұғалім мен оқушы үшін дербес түрде өтетін жол.

Критериалды бағалаудың басты қағидаттары

- **Бағалау білім беру жүйесінің міндеттеріне негізделеді***. Бағалау жекелеген мақсат емес. Ол жалпы білім беруді жетілдірумен қатар әрбір оқушының оқу жетістіктерін жақсартудың тиімді жолының бірден бір механизмі. Білім беру жүйесінің міндеті тек қана нені бағалауды анықтау емес, бағалауды қалай өткізуді анықтау.
- **Бағалау шынайы, валидті, сенімді және айқын болады.** Ол бағалау рәсіміндегі ақпараттың сенімді және рас болуын қамтамасыз етеді, сонымен қатар тапсырмалар мен тиісті критерийлер оқушылардың күтілетін нәтижелерге қол жеткізгендіктерін бағалайды.
- **Бағалау білім беру мазмұнының құрамдас бөлігі.** Ол оқу мақсаттары және күтілетін нәтижелермен тығыз байланысты. Оқу мақсаттарының түсінікті болуын және бағалау рәсімдерінің барлық түрлерінің (қалыптастыру, жиынтық) оқу бағдарламасының мазмұнымен сәйкестігін қамтамасыз етеді.
- **Бағалау қолжетімді, түсінікті және ашық.** Ол пайдалы ақпараттың уақтылы жетуіне, оқушылардың өзіндік қадағалайтын тәртіптерін дамытуға және аталған үдеріске қатысты барлық жауаптылардың жауапкершілігін арттыруды қамтамасыз етеді.
- **Бағалау үздіксіз үрдіс, ол өзін-өзі машықтауды талап етеді,** оқушылардың оқу жетістіктерін қадағалауды және одан әрі дамып қалыптасудың жеке траекториясын жасауды қамтамасыз етеді.
- **Бағалау мектептің, педагогикалық ұжымның, оқушылардың даму бағытын анықтайды және жетекшілік етеді.** Бұл әр қатысушының жауапкершіліктері мен өз қызметтерін жүзеге асыруға ықпалын тигізеді.

* 2007 жылдың 27 шілдесіндегі №319-III Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңының 11-тармағына сәйкес

Бағалау критерийлері мен оқушылардың оқу жетістіктері деңгейлерінің сипаттамасы

Деңгейлер	Білу және түсіну	Қолдану	Анализ	Синтез	Бағалау	5 балдық шәкілге ауыстыру кезінде
Төмен деңгей	пәндік терминдер мен ұғымдар бойынша қарапайым білімін және түсінігін көрсетеді жай тапсырмаларды орындайды және тікелей нұсқаулықтарға сай орындау рәсімдеріне ілеседі ақпаратты ұсынудың әр түрлі формаларының (кестелер, графиктер және диаграммалар) негізінде жай қорытынды қалыптастырады жай тапсырмалардағы үлгілерді ажыратады					1 -2 бағаға сәйкес
Орташа деңгей	пәндік терминдер мен ұғымдар бойынша жеткілікті білімін және түсінігін көрсетеді әдеттегі тапсырмаларды орындайды, таныс және кейбір таныс емес жағдайларда білімін сәтті түрде қолданады ақпаратты жалпылайды және ішінара негіздей отырып қорытынды жасайды, алынған нәтижелерге қатысты аргументтерді келтіре алады әдеттегі тапсырмалардағы үлгілерді ажыратады, шешудің стандартты жолдарын ұсынады және қолданады тапсырмалардың бекітілген жиынын шешу үшін оқу бағдарламасының басқа өрістерінен білімін, дағдыларын кіріктіреді					3-4 бағаға сәйкес
Жоғары деңгей	пәндік терминдер мен ұғымдар бойынша терең білімін және түсінігін көрсетеді қиын тапсырмаларды орындайды және кең өрістегі жағдайларда білімін сәтті түрде қолданады әр түрлі дереккөздерден алынған ақпаратты жалпылайды және толық негіздей отырып қорытынды жасайды, алынған нәтижелерге қатысты логикалық бірізді аргументтерді келтіре алады қиын тапсырмалардағы үлгілерді ажыратады, шешудің альтернативті және стандартты емес жолдарын ұсынады және қолданады тапсырмалардың кең өрісін шешу үшін оқу бағдарламасының басқа өрістерінен білімін, дағдыларын кіріктіреді, әр түрлі стратегияларды қолданады, алынған нәтижелердің маңыздылығын және негізділігін бағалайды					5 бағаға сәйкес

Критериалды бағалаудың ұйымдық құрылымы

ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУ

1. Оқу мақсаттары мен күтілетін нәтижелерді анықтау және оқушыларға беру;
2. Нені және қандай деңгейде түсінгенін/қол жеткізгенін дәлелдеуге көмектесетін сыныпта нәтижелі талдау үшін арнайы ортамен және басқа іс-шарамен қамтамасыз ету;
3. Оқушылардың дамуына ықпалын тигізетін **нақты кері байланыспен** қамтамасыз ету;
4. **Бірін-бірі бірлесе оқытудың көзіне айналдыру үшін** оқушыларды бірігуге шақыру;
5. Оқушыларды өз оқуын «құрастырушыларға» айналдыру



ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ

Бөлім бойынша бағалау

1. Тоқсан ішіндегі бекітілген бағалау рәсімдері
2. Оқу бағдарламасы бөлімінің оқу мақсаттарына жеткендігі туралы шешім қабылдау 3 Тоқсандық баға шығарудағы нәтижелерді ескеру және тіркеу

Бір тоқсанның жиынтық бағалауы

1. Қорытынды рәсім әр тоқсанның аяғында өткізіледі
2. Тоқсанның оқу мақсаттарына жеткендігі туралы шешім қабылдау
3. Жылдық баға шығарудағы нәтижелерді ескеру және тіркеу (тоқсандық бағалардың орта арифметикалық мәні)

Білім беру деңгейлерінің соңындағы жиынтық бағалау

1. Жоғары және орта кезеңді аяқтағанда өткізілетін қорытынды рәсім
2. Пән бойынша күтілген нәтижелерге сәйкес оқу бағдарламасының оқу мақсаттарына жеткендігі туралы шешім қабылдау
3. Сыртқы бағалау


Кері байланыс «мұғалімнен оқушыға», «оқушыдан мұғалімге», «әкімшіліктен мұғалімге»

Оқушының портфолиосы




Мұғалімнің портфолиосы (мектептің қалауы бойынша)

Қалыптастырушы бағалаудың үдерісі




Қорытынды бағалау үдерісі



Бағалау жүйесінде білім алушылардың жеке траекториясының үлгісі

ДӘСТҮРЛІ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ



КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ



Бағалауды ұйымдастыру **(білім беру мазмұнын жаңартудың мысалдары)**

2-сынып

Ұзақ мерзімді жоспар. МАТЕМАТИКА, 2-сынып

I тоқсан - 9 апта

Бөлім	Бөлімше	Мақсаттар саны
<i>IA – Бөлімі</i> <i>Қостаңбалы сандар</i>	1.1 Натурал және рационал сандар	5
	4.1 Математикалық тіл және математикалық моделдеу	
<i>IB – Бөлімі</i> <i>Сандармен амалдар құру</i>	1.2 Сандармен амалдар жасау	8
	4.1 Математикалық тіл және математикалық моделдеу	
<i>IC – Бөлімі</i> <i>Өлшемдер мен өлшем бірліктері</i>	1.3 Өлшемдер мен өлшем бірліктері	3
3 бөлім	5 бөлімше	16

III тоқсан - 10 апта

Бөлім	Бөлімше	Мақсаттар саны
<i>3A –Бөлім Сандық және әріптік өрнектер. Теңдеулер</i>	2.2 Теңдеу мен теңсіздіктер	7
	2.4 Сандар жиынтығы және логика элементтері	
	2.1 Алгебралық өрнектер және түрлендіру	
<i>3B –Бөлім Көбейту және бөлу</i>	1.1 Натурал және рационал сандар	6
	2.3 Тізбектілік	
	2.4 Сандар жиынтығы және логика элементтері	
	1.2 Сандармен амалдар жасау	
	4.1 Математикалық тіл және математикалық моделдеу	
<i>3C –Бөлім Таблицалық көбейту және бөлу</i>	1.2 Сандармен амалдар жасау	9
	4.1 Математикалық тіл және математикалық моделдеу	
3 бөлім	10 бөлімше	22

II тоқсан - 7 апта

Бөлім	Бөлімше	Мақсаттар саны
<i>2A Бөлім– қостаңбалы сандарды қосу және алу</i>	1.1 Натурал және рационал сандар	10
	1.2 Сандармен амалдар жасау	
	2.3 Тізбектілік	
	4.1 Математикалық тіл және математикалық моделдеу	
<i>2B Бөлім – уақыт өлшем бірліктері</i>	1.1 Натурал және рационал сандар	4
	1.3 Өлшемдер мен бірліктер	
<i>2C Бөлім – нақты сандар жиыны</i>	2.4 Сандар жиынтығы және логика элементтері	6
	4.1 Математикалық тіл және математикалық моделдеу	
	2.5 Комбинаторика негіздері: заттар комбинациялары	
3 бөлім	9 бөлімше	20

IV тоқсан - 8 апта

Бөлім	Бөлімше	Мақсаттар саны
<i>4A –Бөлім есептеулердің рационал тәсілдері</i>	1.2 Сандармен амалдар жасау	4
	2.1 Алгебралық өрнектер және түрлендіру	
<i>4B – Бөлім Есепті шығару жолдары</i>	4.1 Математикалық тіл және математикалық моделдеу	4
	2.4 Сандар жиынтығы және логика элементтері	
<i>4C – Бөлім Геометриялық пішіндер Периметр. Аудан</i>	3.1 Геометриялық пішіндер	10
	3.2 Геометриялық пішіндердің өзара орналасуы	
3 бөлім	6 бөлімше	18

Бастауыш білім берудің типтік оқу жоспарына сәйкес бағалау рәсімдерінің саны, 2-сынып

№	Пәндер	Апталық сағат саны	Бағалау рәсімдері								Негіздеме
			I тоқсан бойынша ББ саны	I т ЖБ	II тоқсан бойынша ББ саны	II т ЖБ	III тоқсан бойынша ББ саны	III т ЖБ	IV тоқсан бойынша ББ саны	IV т ЖБ	
1	Орыс тілі	4	4	9 апта	4	7 апта	4	10 апта	4	8 апта	Бөлімдер бойынша
2	Әдебиет	3	4		4		4		4		
3	Қазақ тілі (Т2)	2	4		4		4		4		
4	Ағылшын тілі	2	4		4		4		4		
5	Математика	4	3		3		3		3		
6	Жаратылыстану	1	2		3		2		1		
7	Өзін-өзі тану	1	2		2		2		2		Ортақ тақырыптар бойынша
8	Бейнелеу өнері	1	2		2		2		2		
9	Еңбекке баулу	1	2		2		2		2		
10	Музыка	1	2		2		2		2		
11	Дене шынықтыру	3	2	2	2	2	Бөлімдер бойынша				


Оқу мақсаттары мен бағалау критерийлерінің ара қатынасы

Бөлім	Бөлімше	Оқу мақсаттары	Ойлау деңгейі	Бағалау критерийлері	
1А – бөлім Екітаңбалы сандар	1.1 Натурал және рационал сандар	2.4.1.1. 100-ге дейінгі сандардың графикалық моделін құру және жазу	Білу	Оқушы : 100 көлеміндегі санның моделін жазады.	
			Қолдану	100 көлеміндегі санның графикалық моделін құрады.	
		2.1.1.2 100 көлеміндегі сандарды тура және кері санау, олардың натурал сандар қатарындағы реттік нөмірін анықтау	Білу	100 көлемінде тура және кері санайды.	
			Қолдану	Санның натурал сандар қатарындағы орнын анықтайды және реттік нөмірін атайды.	
	4.1 Математикалық тіл және математикалық модель	2.1.1.1 100-ге дейінгі сандардың құрылу жолын, сандар қатарындағы орнын білу, сандарды оқу, жазу	Білу	100 көлеміндегі сандардың құрылу жолын біледі, оларды оқи және жаза алады.	
			Қолдану	2.1.1.6 100 көлеміндегі екі таңбалы сандардың разрядтық құрамын анықтау және разрядтық қосылғыштарға жіктеу	100 көлеміндегі екі таңбалы сандардың разрядтық құрамын анықтайды; оларды разрядтық қосылғыштардың қосындысына жіктейді.
				2.1.1.7 Екітаңбалы, үштаңбалы сандарды салыстыру	Екітаңбалы сандарды салыстырады; Үштаңбалы сандарды салыстырады.

1-тоқсан ішіндегі жиынтық бағалау рәсімі


Жиынтық бағалау	Меншікті салмағы
1-бөлім бойынша жиынтық бағалау	15%
2-бөлім бойынша жиынтық бағалау	15%
3-бөлім бойынша жиынтық бағалау	20%
1-тоқсан бойынша жиынтық бағалау	50%
1-тоқсанның қорытынды бағасы	100%

№1 бөлім бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалар үлгісі

Тақырыптар	Білу және түсіну	Қолдану
	3 балл	6 балл
1.1 Натурал және рационал сандар	Санды разрядты қосылғыштар суммасына бөлшектеңіз. $28 = \square\square + \square$	1. 93 және 95 сандары арасындағы санды жазыңыз 2. 78 санынан кейінгі санды жазыңыз 3. Санағанда 100 санының алдында тұратын санды жазыңыз
4.1 Математикалық тіл және математикалық модельдеу	Сандарды салыстырыңыз $23 * 32 \square 584 * 548$	Берілген санда үлгі бойынша үш түрлі тәсілмен жазыңыз: 
Дескрипторлар	- санды дұрыс бөлшектейді - 1 балл	- белгісіз санды дұрыс жазады – 1 балл - келесі санды дұрыс жазады – 1 балл - алдыңғы санды дұрыс жазады – 1 балл
	- қостаңбалы санды дұрыс салыстырады -1 балл - үш таңбалы санды дұрыс салыстырады – 1 балл	-санның графикалық моделін дұрыс құрайды – 1 балл -санды разрядтарға дұрыс бөледі – 1 балл -санды цифрлармен дұрыс жазады -1 балл

15 минут
МАКС балл 9

№2 бөлім бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалар үлгісі

Тақырыптар	Қолдану	Анализ
	8 балл	2 балл
1.2 Сандармен операция жасау	Қолайлы тәсілмен есептеп шығарыңыз. $25 + 18 + 25 + 2 =$	
	Өрнектің мәнін тап: $18 - (5 + 2) =$ $2 + 14 - 1 =$	
	Өрнектердің мәнін тап: $9 + 5 =$ $16 - 7 =$	
4.1 Математикалық тіл және математикалық модельдеу		<p>Суретте барлығы 11 дөңгелек берілген. Қызыл дөңгелектер көк дөңгелекке қарағанда 3 дөңгелекке кем болатындай қылып, суретті көк және қызыл түске бояңыз.</p> 

Бағалау үдерісі («Математика» пәні, 2-сынып)

	1А бөлімі	1.1, 4.1 бөліктері	2.4.1.1, 2.1.1.2, 2.1.1.1, 2.1.1.6, 2.1.1.7 оқу мақсаттары	Болжалды нәтижелер	Критерийлер	1-бөлім бойынша бағалау		2-бөлім бойынша бағалау		3-бөлім бойынша бағалау		1-тоқсандық жиынтық бағалау		Барлығы	
						Тапсырмалар саны	Ұпайлар	Тапсырмалар саны	Ұпайлар	Тапсырмалар саны	Ұпайлар	Тапсырмалар саны	Ұпайлар	Тапсырмалар саны	Ұпайлар
					Білу және түсіну	2	3							2	3
					Қолдану	2	6	3	8	1	2	2	6	8	22
					Саралау			1	2			2	5	3	7
					Синтез					1	4			1	4
					Бағалау										
Барлығы						4	9	4	10	2	6	4	11	14	36

	1-бөлім бойынша бағалау	2-бөлім бойынша бағалау	3-бөлім бойынша бағалау	1-тоқсандық бағалау	1-тоқсан бағасы = 100%	...	Жылдық бағасы = барлық тоқсандық бойынша орташа арифметикалық
Ұпайлар							
Тоқсандық бағадағы үлесі	15%	15%	20%	50%			
Ең жоғары ықтимал ұпай	1,35	1,5	1,2	10,5	14,25		

Ұзақ мерзімді жоспар. ЖАРАТЫЛЫСТАНУ, 2-сынып

I тоқсан - 9 апта

Бөлім	Бөлімше	Мақсаттар саны
<i>Мен зерттеушімін</i>	1.1. Ғылым мен зерттеулер рөлі	1
	1.2. Табиғатты танып білу амалдары	7
<i>Жанды табиғат</i>	2.1. Өсімдіктер	9
	1.2. Табиғатты танып білу амалдары	5
	2.2. Жануарлар	8
2 бөлім	5 бөлімше	30

II тоқсан - 7 апта

Бөлім	Бөлімше	Мақсаттар саны
<i>Жанды табиғат</i>	2.3. Адам	5
	1.2. Табиғатты танып білу амалдары	5
<i>Заттар және олардың құрамы</i>	3.2. Ауа	3
	1.2. Табиғатты танып білу амалдары	2
	3.3. Су	2
2 бөлім	5 бөлімше	17

III тоқсан - 10 апта

Бөлім	Бөлімше	Мақсаттар саны
<i>Заттар және олардың құрамы</i>	3.4. Табиғи ресурстар	2
	1.2. Табиғатты танып білу амалдары	7
<i>Жер мен Ғарыш</i>	4.1 Жер	2
	4.2. Ғарыш	2
	4.3 Кеңістік пен уақыт	1
<i>Табиғат физикасы</i>	5.1. Күш пен қозғалыс	6
	1.2. Табиғатты танып білу амалдары	2
4 бөлім	7 бөлімше	22

IV тоқсан - 8 апта

Бөлім	Бөлімше	Мақсаттар саны
<i>Табиғат физикасы</i>	5.2 Жарық	1
	5.3. Дыбыс	1
	5.4 Жылу	1
	5.6. Магнетизм	1
	1.2. Табиғатты танып білу амалдары	7
2 бөлім	5 бөлімше	11

Ұзақ мерзімді жоспар. ЖАРАТЫЛЫСТАНУ, 2-сынып

I тоқсан - 9 апта

Өтпелі тапырып	Бөлім	Бөлімше	Мақсаттар саны
1. Барлығы өзім туралы	Мен және қоғам	1.1 Менің отбасым	5
2. Менің отбасым мен достарым		1.5 Құқық пен жауапкершілік	1
2 тақырып	1 бөлім	2 бөлімше	6

III тоқсан - 10 апта

Өтпелі тапырып	Бөлім	Бөлімше	Мақсаттар саны
5. Тәні саудың жаны сау	Мен және қоғам	1.2 Мектеп және мектеп қауымдастығы	1
		1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік	2
		1.6 Мейрамдар	2
6. Салт-дәстүр мен ауыз әдебиеті	Тарих ағынында	3.2 Қазақстанның тарихи түп-тамыры	2
		3.4 Біртуар тарихи тұлғалар мен мәдениет қайраткерлері	1
		3.5 Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және отансүйгіштік	3
2 тақырып	2 бөлім	6 бөлімше	11

II тоқсан - 7 апта

Өтпелі тапырып	Бөлім	Бөлімше	Мақсаттар саны
3. Менің мектебім	Мен және қоғам	1.2 Мектеп және мектеп қауымдастығы	4
		1.3 Менің кішкентай Отаным	2
		1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік	2
4. Мой родной край	Тарих ағынында	3.5 Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және отансүйгіштік	1
2 тақырып	2 бөлім	4 бөлімше	9

Өтпелі тапырып	Бөлім	Бөлімше	Мақсаттар саны	
7. Қоршаған орта	Менің елімнің табиғаты	2.1 Аймақта бағдарлай білу	1	
		2.2 Климат және ауа-райы	1	
		2.3 Табиғи жағдайлар мен олардың әсері	3	
8. Саяхаттар	Тарих ағынында	3.1 Ежелгі мәдениеттер пен өркениеттер	2	
	Мен және қоғам	1.3 Менің кішкентай Отаным	1	
	Менің елімнің табиғаты	2.4 Туризм	3	
2 тақырып	3 бөлім	Тарих ағынында	3.1 Ежелгі мәдениеттер пен өркениеттер	1
		7 бөлімше	12	

№ 1 дүниетану пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар үлгісі

Бөлімдер	Білу және түсіну 4 ұпай	Қолдану 2 ұпай	Синтез 4 ұпай
Мен және қоғам	<p>1. Барлық отбасы мүшелерінде жиі кездесетін бірдей нәрсе: А) есім/аты В) киім С) жөні D) туған күні</p> <p>2. Сенің заттарыңды кім жинау керек? А) анаң В) әкең С) сен өзің D) әжең</p> <p>3. Барлық отбасы мүшелері жиналатын мейрам: А) сыныптасыңның туған күні В) атаңның туған күні С) анаңның құрбысының туған күні D) Көршінің туған күні</p> <p>4. Отбасы– бұл... А) анаң мен әкең В) бірге тұратын ата-ана, балалар, немерелер мен жақын туыстардан тұратын адамдар тобы С) қызығушылықтары бір құрдас адамдар D) Жыл бойы бір оқу бағдарламасын өтетін , бастауыш сыныпта оқитын оқушылар</p>	<p>Әр отбасыда ,таңертеңгі уақытта, болуы мүмкін диалогты оқыңыз. Астында көрсетілген анасының үндеуіне, ұлының әдепсіз әрі тәртіпсіз екенің көрсететін жауаптардың астын сызыңыз</p> <p>-Саша, тұра ғой, мектепке баруың керек. Мен саған таңғы ас дайындап қойдым.</p> <p>-Тиіспе маған, менің ұйқым келіп тұр! -Рақмет, қазір тұруға тырысамын. -Тағы да , ботқа шығар -Тұрайын деп жатырмын, көп рақмет!</p>	<div style="display: flex; flex-wrap: wrap; justify-content: space-around;">     </div> <p>Отбасындағы адамадар бір-біріне қалай қамқорлық көрсететінін ойланып жаз.</p>
Дескрипторлар	<p>1.Дұрыс жауапты тапты – жөні– 1ұ. 2.Дұрыс жауапты тапты – сен өзің– 1ұ. 3.Дұрыс жауапты тапты – атаңның туған күні– 1ұ. 4.Дұрыс жауапты тапты - бірге тұратын ата-ана, балалар, немерелер мен жақын туыстардан тұратын адамдар тобы. – 1ұ.</p>	<p>1.Тиіспе маған, менің ұйқым келіп тұр! – 1ұ. 2.Тағы да , ботқа шығар – 1ұ.</p>	<p>1.Бірге кеш өткізеді– 1ұ. 2.Мама заботится/одевает/пеленает о своем ребенке Ана өз баласвы жаны ашып/киіндіріп /жөргектейді немесе құндақтайды– 1ұ. 3.Атасы инемересіне кітап оқып жеіп датыр– 1ұ. 4.Толық отбасымен бургте демалуға барад.к – 1ұ.</p>

20 минут
МАХ балл 10

Бағалауға арналған негізгі құжаттар тізімі:

- Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру мекемелеріндегі оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау ережелері
- Пәндер бойынша оқу бағдарламаларындағы «Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау» бөлімі;
- Қалыптастырушы бағалау бойынша әдістемелік нұсқаулық;
- Жиынтық бағалау бойынша әдістемелік нұсқаулық;